


Бекітемін:   
«Күншуақ» жекеменшік  
бөбекжай-бақшасы»  
әдіскері: Жақсылықова А.Ә.

**«ТЕХНО ЗЕРТХАНА 3Д ПРИТЕРМЕН  
ЖҰМЫСТАР ВИРТУАЛДЫ СУРЕТ САЛУ»**  
(МАТ “Алтын сақа” тобына ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті)



Тәрбиеші: Орысбаева А

Таушық ауылы . 2025ж

**Тақырыбы:** «*Техно зертхана: 3D принтер және виртуалды сурет*»

**Мақсаты:** Балаларды заманауи технологиялармен таныстыру, 3D модельдеу және виртуалды сурет салу арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту.

✓ **Міндеттері:**

- 3D принтер туралы алғашқы түсінік беру;
- Виртуалды сурет салу арқылы қиялын дамыту;
- Қауіпсіздік ережесін сақтауға үйрету;
- Логикалық ойлау, ұсақ қол моторикасын жетілдіру;
- Ғылым мен өнерге қызығушылығын арттыру.

### ***3D ПРИНТЕРМЕН ЖҰМЫС***

Түсіндіру (балаларға жеңіл тілмен):

- 3D принтер – бұл заттарды басып шығаратын сиқырлы машина.
- Ол сұйық жіптен ойыншық, пішін, әріп жасап береді.

*Жұмыс түрлері:*

- Жай пішіндерді (шар, текше, жүрек) басып шығару
- Әріптер мен сандарды жасау
- Ұлттық ою элементтерін басу

*Тәжірибе:*

Балалар экраннан қалай басылып жатқанын бақылап тұрады.

**ВИРТУАЛДЫ СУРЕТ САЛУ**

*Түсіндіру:*

- Бұл суретті қағазға емес, планшетке салу.
- Біз бояуды қолмен емес – саусағымызбен немесе қаламмен саламыз.

*Тапсырмалар:*

- Аю, қоян, қонжық, күшік суреттерін ермексазбен мүсіндеу.
- Балалар, техника деген не?
- Біз қандай құрылғыларды білеміз?

***Виртуалды сурет салу : балаларға салған суреттерін ЖИ арқылы жан беру арқылы жандандыру.***

### *Сергіту сәті*

Біз суретші баламыз,  
Саусақпен де саламыз.  
Техникамен дос болып,  
Ақылды боп өсеміз!

**Қорытынды** :-- Қандай құрылғыны көрдік?  
– Саған виртуалды сурет салу ұнады ма?

